– Сұрағыңызға рақмет. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Қазақстандық кәсіптік одақтар – бұл тұрақтылықтың кепілі, әлеуметтік-еңбек қатынастарының негізгі элементі», – деген. Осы мақсатта еңбек адамдарының құқығын қорғап, моральдық және рухани дамуында демеп, әлеуметтік-еңбек жағдайының жақсаруына бағыт алып, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Түркістан облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігі 2020 жылдың қараша айының 24-құлдызында қайта ашылды.

Былтыр Салалық кәсіподақтың құрамында болған бұрынғы Түркістан облыстық ұйымы (төрағасы Б.Еркінбек) кәсіподақ мүшелерін құлақтандырмай, Салалық кәсіподақтың құрамынан шығу туралы шешім қабылдаған. ҚР «Кәсіподақтар туралы» Заңын және Жарғы талаптарын орындамауына байланысты Салалық кәсіподақтың Атқару комитеті аталған ұйымды Салалық кәсіподақтың құрамынан шығарды. Бұл жағдай Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Түркістаннан облыстық ұйымын ашуға түрткі болды.

Қарап тұрсаңыз, ашылғанымызға бір жылға жуықтаған жоқ. Әрине, бұл уақыт қоғамдық бірлестік үшін аз уақыт болса да, біршама тірліктерді тындырдық...

– Сөзіңіз аузыңызда, демек осы 10 айда атқарылған ауқымды жұмыстарды атап, жеткен жетістіктерді жіпке тізсеңіз.

– Кәсіподақтың негізгі жемісі де, жеңісі де – ол құрамында-

ғы мүшелері деп айтар едім. Біз бұл бағытта әжептеуір жұмыс жүргіздік. Соның дәлелі болар, 10 айдың ішінде облыс аумағынан 15 филиал ашылып, оған 127 бастауыш кәсіподақ ұйымдары кірді, 15 мыңға жуық мүшені тарттық. Оның ішінде орта арнаулы оқу орындары мен жоғары білім ошақтары да бар. Соның бірі – Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті. Бүгінгі таңда облыстық кәсіподақтың ең ірі мүшелік ұйымы – Түркістан қалалық білім кәсіподағы болып табылады. Облыстық кәсіподақ ұйымымыз бір жыл көлемінде атқарылатын жұмыстарын саралап, жоспарларын мығымдап алды. Кешегі дүниені дүрбелеңге салып, әлемді әбігерге түсірген пандемия кезінде білек сыбана жұмысқа кірістік. Санитарлық талаптарды сақтап, облыстағы білім ордalarında жұмыстарын жүргізіп жатқан бастауыш кәсіподақ ұйымдар, мекеме әкімшілігімен ғимараттарда сақтық шараларының сақталуын, дер кезінде дезинфекциялануын, қашықтан оқытуда білім сапасына, материалдық-техникалық құралдарымен қамтылуына демеушілік етуін қарастырдық. Осы кезеңде дендеп тұрған дертке қарсы «Жақыныңа жанашыр бол!» тақырыбында апталық, айлық іс-шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар кәсіподақ ұйымы білім саласындағы қызметкерлердің мәртебесін арттыруды көздеп, «Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту басқармасы» ММ мен «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Түркістан облыстық ұйымы» ҚБ арасында 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы келісімге қол жеткіздік. Келісім аясында кәсіподақ мүшелеріне қатысты маңызды мәселелер қарастырылды. Оның ішінде үстемақы, білім саласындағы жұмыс істейтін кітапханашылар, есепшілер, медбикелер, әдіскерлердің еңбек демалысын ұзарту сынды өзге де өзекті проблема-

лар қамтылған. Аталған құжаттың құндылығы сол, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде тіркелген. Бүгінде қос тарап өкілдері пандемия кезінде туындаған мәселелерді бірлесіп шешуде. Әлеуметтік қатынастарды реттейтін құқықтық акт болып саналатын келісімге әр өңір, әр сала тек бір кәсіподақпен әлеуметтік әріптестікке отырады. Нәтижесінде бұл келісімшарт кәсіподақ белсенділеріне оң бағыт беріп, жұмыстарының жүйелі түрде жүзеге асуына септігін тигізді.

Бұдан бөлек облыстық қоғамдық ұйымға қарасты бастауыш кәсіподақтар мен филиалдар кәсіподақ мүшелері міндеттерін орындау кезінде өкілшілік тарапынан құдалауға жол бермеуге, еңбек қауіпсіздік шараларының жүргізілуін ұйымдастыруға ат салысып келеді. Бастауыш кәсіподақ ұйымымен бекітілген техникалық қауіпсіздік инженерлеріне бағытталған мамандарды арнайы семинарларға жіберіп тұру да күнтізбедегі басты жоспарға айналды.

– Биыл ел Тәуелсіздігіне 30 жыл. Осы датаның құрметіне орай ҚР Кәсіподақтар федерациясының бастамасымен 2021 жыл – бастауыш кәсіподақ ұйымының жылы болып жарияланды. Бұл ретте облыста сіздердің тараптарыңыздан орын алған ілкімді істерге тоқталсаңыз.

– Елдігімізді айқындап, теңдігімізді тұғырдан көрсеткен Тәуелсіздік жылнамасында еңбек адамдарының орны ерекше. Айтулы жыл аясында республика көлемінде арнайы конкурс ұйымдастырылған болатын.

Үстіміздегі жылы қыркүйектің 23-25 күндері Түркістан қаласында Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының «Үздік бастауыш кәсіподақ ұйымы» республикалық байқауының қорытындысы шығарылды.

Салтанатты шараға кәсіподақ ұйымдарының көшбасшылары – Салалық кәсіподақтың облыстық, аумақтық конкурстарының жеңімпаздары, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының төраға орынбасары Г.Жұмагелдиева, Түркістан облысының аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Б.Әмірәлі, Түркістан қаласы әкімінің кеңесшісі Қ.Мұсағалиев, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысы Р.Жолаев, республикалық білім беру қоғамдық-саяси «Білімді ел – Образованная страна» газетінің бас редакторы Л.Түркістанова, Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрайымы А.Мұқашева және мүшелік ұйымдарының жетекшілері қатысты.

Республикалық байқауға өңірлік конкурстардың жеңімпаздары деп танылған Салалық кәсіподақтың 31 бастауыш ұйымының көшбасшылары қатысып, бақ сынасты.

Әділқазылар алқасының шешімімен сайыстың Бас жүлдесін Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектептің бастауыш кәсіподақ ұйымы (Қызылорда қаласы) иеленді. Республикалық байқауға белсенді қатысқаны үшін 16 бастауыш ұйым Салалық кәсіподақтың Алғыс хаттарымен және арнайы қаржылай сыйақыларымен марапатталды. Олардың ішінде 6 бастауыш ұйым Түркістан облысына тиесілі.

Осы сапар барысында Салалық кәсіподақ өкілдері Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетінің тыныс-тіршілігімен танысты, сонымен қатар киелі мекенде Арыстан баб, Ахмет Ясауи кесенелеріне барып, бабалар рухына тағзым етті. «Отырар» мұражайында болып, құнды жәдігерлерді көзбен көрді. Әріптестерге облыстық ұйымның жұмысы көрсетіліп, тәжірибе алмасқан тамаша шараның киелі Түркістан жерінде қорытындыланғанына қуаныштымыз.

– Жандос Шайдуллаұлы, негізі кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау, еңбек заңнамасы талаптарының орындалуына бақылау жасау сіздердің құзырларыңызда. Бұл ретте ұйым мүшелерінің үдесінен қаншалықты шығып жүрсіздер?

– Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы саны және қызмет сапасы жағынан қуатты қоғамдық ұйымдардың қатарында. Демек қарапайым еңбек адамдарының құқықтарын қорғау мақсатында, біздің ашылғанымызға аз уақыт болса да, осы кезге дейін бізге 142 арыз-шағымдар келіп түсті. Зерделесек, басым бөлігі әлеуметтік желідегі парақшалар арқылы тіркелген. Бүгінде оның 80 пайызы өзінің нақты жауабын тауып, түйткілді түйіні тарқаудың арқасында 2 қызметкерді заңсыз жұмыстан шығару бұйрығын қайта қарап, қалпына келтіріп, жұмысқа тұруына ықпал еттік. Ал 3 педагогтың арыздарын қазіргі таңда тиісті орындар, яғни еңбек инспекциясы, құқық қорғау органдары қадағалауда. Біздің бақылауымызда тұрған арыздардың мазмұны тиісті деңгейде төленбеген жалақыға қатысты сұрақ-

тарға саяды. Осындай келеңсіздіктердің алдын алу мен мүшелерге заңдық тұрғыда кеңес беру бағытында түсіндіру жұмыстарын үдетіп келеміз. Жеке өз басым жаңадан ашылған бірлестіктің төрағасы ретінде облыс көлемінде 100-ден астам бастауыш кәсіподақтармен кездесу өткіздім. Оның ішінде Сауранда – 26, Кентау қаласында – 15, яғни 17 ауданның басым бөлігінде болып, еңбек қатынастарын реттеуге бағытымызды екселеп түсіндіріп келеміз. Одан бөлек, маңызды сұрақтарына тұшымды жауап беріп, келелі кездесімиз бен пайымды пікірімізді ортаға салудан жалыққан емеспіз.

Ал еңбек адамдарының әлеуметтік қорғалуына тоқталсам, биыл жаз маусымында 114 білім саласындағы кәсіподақ мүшесіне емдеу-сауықтыру, демалыс орындарына жолдама берілді. Дәстүр бойынша қазыналы қарттар мен ардақты ардагерлерге материалдық көмек көрсетіп, бір жыл көлемінде басылымдарға тегін жаздырып келеміз. Ауған соғысының ардагерлерінде назардан тыс қалдырмай, қаржылай және заттай сияпатпен марапаттау үрдіске айналған. Еңбек кодексінің маңызды бөлігі ұжымдық шарт екендігін ескерсек, біздің бастауыш кәсіподақтың барлығы өз жұмыс берушілермен ұжымдық шартқа отырып, әлеуметтік әріптестік туралы келісімде қарастырылған жеңілдіктер мен еңбек қатынастары бірлескен түрде жүзеге асуда.

Жалпы Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағына хабарласқан кәсіподақ мүшелерінің бір де бір шағымы қараусыз қалмайтынын атап өткім келеді. Көбіне сала қызметкерлері өзінің қай кәсіподақта мүшелікте екенін біле бермейтіні жиі кездеседі. Бір ғана Түркістан облысында Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағынан бөлек білім саласында бірнеше жергілікті кәсіподақ жұмыс істейді. Көп жағдайда біздің құрамымызда болмаса да, сала қызметкерлерінің еңбек құқықтарын, Орталық салалық кәсіподақтың қолдауымен құқықтық кеңес беріп, өзекті мәселелерін шешуге тырысамыз.

Мысалы, Түркістан облысы Созақ ауданының орта білім беру ұйымдарының оқу шеберханалары меңгерушілері мен шеберлері атынан бір қызметкердің шағымы негізінде біздің кәсіподақтың тікелей араласуымен педагогтарға 2020 жылдан бастап 25%, сонымен қатар биылғы артқан жалақысы қайта есептеліп берілді. Нәтижесінде 71 шаттық бірліктегі оқу шеберханалары меңгерушілері мен шеберлеріне 36 млн 477 мың теңге қайта есептелініп, төленді.

Қарапайым еңбек адамын дәріптеуде біздің жас бірлестіктің қанатқақты жоспарлары мен көкейтесті тірліктері жетерлік. Бұл ретте облыс көлемінде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару арқылы жұмыс атқарамыз. Сонда ғана келешегіміз кемел, болашағымыз жарқын болары анық.

– Әңгімеңізге рақмет, қызметіңізге сәттілік тілейміз!

**Ақмарал ҒАНИҚЫЗЫ,
ҚР Журналистер
Одағының мүшесі**

К 65-ЛЕТИЮ НАУЧНО-ПРОИЗВОДСТВЕННОГО ЦЕНТРА ЗЕРНОВОГО ХОЗЯЙСТВА ИМ. А.И. БАРАЕВА

Сохраняя традиции основателей

Научно-производственный центр зернового хозяйства им. А.И. Бараева (НПЦЗХ) в этом году отмечает 65-летие со дня основания. Созданный в целинные годы как научно-исследовательский институт, он стал центром новых открытий, инициатив, проектов. Тот период называют великой эрой зернового хозяйства. И сегодня, спустя десятки лет, НПЦЗХ по-прежнему в авангарде аграрного комплекса страны. 18 ноября 2021 года пройдет Международная научно-практическая конференция на тему «Интенсивное земледелие и селекция сельскохозяйственных растений на устойчивость к абиотическим и биотическим стрессам», посвященная 30-летию независимости Республики Казахстан и 65-летию НПЦЗХ им. А.И. Бараева. Накануне конференции мы беседовали с председателем правления НПЦЗХ им. А.И. Бараева Нурланом СЕРЕКПАЕВЫМ.

– Нурлан Амангельдинович, кто будет участвовать в конференции и какие цели вы ставите перед собой, организовывая такой масштабный форум?

– Прежде всего, мы хотим показать и рассказать, чего достигли к своему 65-летию. Прделана колоссальная работа, сотни и тысячи часов и дней посвящены открытиям и инновациям. И сегодня славные традиции тех, кто стоял у истоков нашего НПЦ, продолжают молодые ученые, вновь и вновь создавая новые сорта, пополняя агрофонд зерновых культур. В работе конференции примут активное участие как ведущие отечественные, так и зарубежные ученые из России, Германии, Израиля и других стран. Конференция будет проходить в офлайн и онлайн-режимах.

– История НПЦ действительно уникальна. Проведите небольшой экскурс для наших читателей...

– История центра ведет свой отчет с 14 февраля 1956 года, именно тогда Постановлением Совета Министров СССР и Центрального Комитета КПСС был организован Казахский научно-исследовательский институт зернового хозяйства, расположенный в 60 км от г. Акмо-

линска, на базе Шортандинской сельскохозяйственной опытной станции.

Огромное количество человеческих и материальных ресурсов и техники были направлены на целину, чтобы осваивать большие площади земли, выводить новые сорта сельскохозяйственных культур. Это была поистине великая эра зернового хозяйства. И в этой гигантской работе ведущую роль сыграли талантливые и выдающиеся ученые, реализовавшие грандиозный прорывной проект двадцатого века.

Первым из них стал академик Александр Бараев, светило казахстанской аграрной науки, руководивший институтом зернового хозяйства с 1957 по 1985 годы.

Институт тогда исполнял роль зонального научно-исследовательского учреждения в системе Министерства сельского хозяйства КазССР, затем в составе Казахской академии сельскохозяйственных наук. А в 1961 году с учетом масштабов и значения продовольственной безопасности страны институту был присвоен статус Всесоюзного научно-исследовательского института зернового хозяйства (ВНИИЗХ), что значительно расширило как сферу деятельности института, так и увеличило ответственность за сохранение плодородия миллионов гектаров земли.

Немногие знают, что период организации института совпал с катастрофическим распространением ветровой эрозии на вновь освоенных целинных и залежных землях Северного Казахстана в связи с массовой распашкой степей, вызвавшей нежелательные последствия. Перед коллективом ученых и работников института стояла огромная задача незамедлительно разработать почвозащитную систему земледелия. Необходимо было также обеспечить увеличение производства зерна, радикальным образом изменить приемы обработки почвы и разработать систему новых машин и оборудования.

Днем и ночью трудились ученые и рядовые сотрудники института, не жалея сил и не считаясь с личным временем. В итоге коллектив разработал и внедрил на площади более 60 миллионов гектаров целинных земель почвозащитное земледелие. Это была на то время весьма передовая технология, базовые элементы которой и сейчас остаются фундаментальными для развития современных систем и технологий.

Успех не заставил себя долго ждать. После внедрения новых технологий начался рост производства зерна. Например, его средне-



годовое производство в 1961-1965 годах достигло уровня 14,5 миллионов тонн, а уже в 1976-1985 годах доведено до 27 миллионов тонн.

Все эти научные достижения позволили совершить качественный и количественный прорыв в 60-е годы прошлого столетия в решении хлебного баланса страны, заняв лидирующие позиции в производстве мягких и твердых сортов сильной пшеницы.

Наряду с совершенствованием технологии земледелия в институте активно развивалось и другое важнейшее направление – селекция растений. Ее история в Северном Казахстане связана с именем талантливого ученого, селекционера, академика Валентина Кузьмина. Именно он заложил еще в 1936 году теоретическую основу практической селекции для степных регионов СССР. Это был значительный вклад в аграрную науку. Благодаря Валентину Кузьмину выведены десятки сортов зерновых, бобовых, масличных и кормовых культур, и все они были востребованы в производстве, стали генотипом для создания новых засухоустойчивых сортов.

Институт под руководством А.Бараева, являясь головным научно-методическим центром по адаптации почвозащитного земледелия, координировал работу еще 32 научно-исследовательских организаций агрономического и инженерного профиля степной полосы всего Советского Союза.

В 1967 году за внедрение в производство прогрессивных методов обработки почвы и создание высокопродуктивных сортов зерновых культур Указом Президиума Верховного Совета СССР ВНИИЗХ

был награжден орденом Трудового Красного Знамени.

Впервые в истории сельскохозяйственной науки в 1972 году группа ученых института во главе с его директором Александром Бараевым была удостоена высокой государственной награды – Ленинской премии, тогда весь мир узнал о казахстанском флагмане зернового хозяйства – ВНИИЗХ.

В 1988 году группе ученых института присуждена Государственная премия СССР за разработку и внедрение комплекса противозероэрозийных машин.

Позднее коллективом института под руководством академика Мехлиса Сулейменова, первого лауреата Президентской премии мира и духовного согласия, были разработаны научные основы интенсивной технологии возделывания яровой пшеницы, предложена новая концепция развития систем земледелия в засушливой зоне Северного Казахстана.

– Какие традиции удалось сохранить? Каковы сегодня успехи НПЦ?

– Сегодня центр является головной научной организацией по системам точного и органического земледелия и селекции сельскохозяйственных культур в стране, прилагает все усилия для его дальнейшего совершенствования и развития. Специализированные научно-исследовательские отделы и входящие в их состав 13 лабораторий, пять специализированных самостоятельных лабораторий, которые оснащены современным оборудованием, позволяют проводить сложные анализы по определению качества почвы и растениеводческой продукции.

Учеными создано и передано на государственное сортоиспытание более 200 сортов, из них 59 сортов яровой мягкой пшеницы, 14 сортов яровой твердой пшеницы, 13 сортов ячменя, 12 – овса, 16 – проса, 9 – подсолнечника, 38 сортов многолетних трав.

И сегодня в соответствии с новой концепцией диверсификации растениеводства селекционеры центра продолжают вести работы по созданию перспективных сортов гороха, чечевицы, нута, экологическому испытанию сои, сафлора, чины и других сортов зернобобовых и масличных культур.

Все эти меры позволяют Казахстану оставаться одним из важных экспортёров зерна и муки. Весьма весомым оказался научный потенциал Всесоюзного (Казахского) научно-исследовательского института зернового хозяйства, ныне Научно-производственного центра зернового хозяйства имени Александра Бараева.

В условиях диверсификации сельскохозяйственного производства и внедрения инновационных технологий роль аграрной науки существенно возрастает, будущее которой за новым поколением ученых, которым следует сохранить и приумножить огромное наследие, которое оставили корифеи сельскохозяйственной науки.

Стоит отметить, что проводимые в республике аграрные реформы за последние годы существенно изменили систему ведения агропромышленного комплекса, обеспечив переход на качественный рост в аграрной сфере и формирование новой структуры агробизнеса.

С внедрением цифровых технологий значимый вектор развития



определился на основе использования новых технических средств и элементов прецизионного (точного) земледелия на базе НПЦЗХ им. А.Бараева, где уже более трех лет реализуется пилотный проект с использованием элементов точного земледелия на площади в три тысячи гектаров. Центр управления проектом ведет реестр полей, взаимодействует с «умной» техникой, документирует производственный процесс, проводит агрокаунтинг по результатам агрохимического обследования полей, спутниковым и метеомониторингом посевов. Также в пилотном режиме действуют смарт-фермы и электронные карты. И результаты этой работы очевидны: уже сегодня можно констатировать повышение производительности и экологичности производства, сокращение объема использования средств защиты растений, повышение эффективности удобрений.

ТОО «Научно-производственный центр зернового хозяйства им. А.И. Бараева» – единственное учреждение в республике, занимающееся прикладными исследованиями в разработке технологий возделывания зерновых, бобовых, масличных, кормовых культур, созданием новых оригинальных сортов. Успех центра продиктован его оснащенностью. Наличие современных посевных комплексов, комбайнов, многолетних стационаров по севооборотам, обработке почвы, удобрениям, защите растений позволяют добиваться ожидаемых результатов. Ежегодно в изучении находятся более 350 образцов, проводятся более 1 тыс. комбинаций скрещивания с вовлечением в процесс гибридизации источников и доноров из 59 стран мира. Растет доля образцов из России, США, Канады, Австралии, международных центров И КАРДА (Сирия) и СИММИТ (Мексика).

На сегодняшний день сорта яровой пшеницы центра в общей структуре посевов сортов казахстанской селекции занимают более 40 процентов, а в целевом регионе Акмолинской области более 70 процентов. В элитно-семеноводческих, семеноводческих, отдельных фермерских хозяйствах учеными закладываются демонстрационные опыты новых сортов и перспективных линий, что позволит сельхозтоваропроизводителю самому выбирать более конкурентоспособный

сорт, участвовать в создании сорта, как принято в передовых зернопроизводящих странах мира. Учеными центра проводятся и опыты по сравнительной оценке продуктивности и качества сортов сельскохозяйственных культур собственной селекции на полях ряда крупных агроформирований области: ТОО «Агрофирма «Родина», «Агрофирма «ТНК» Жаксынского района, «Заречный» Есильского района, «Сочинское» Атбасарского района, «Целина-Агро» Егіндыкольского района, «Новокубанка» Шортандинского района, «Свободное» Сандыктауского района, «Веденовка» и «Есиль-Агро» Бурабайского района, «Аскоп» Егіндыкольского района, «Ижевский» Аршалынского района и многие другие.

Ежегодно учеными ТОО «НПЦ зернового хозяйства им. А.И. Бараева» разрабатываются рекомендации по проведению весенне-полевых и уборочных работ с указанием технологии возделывания сельскохозяйственных культур для каждой зоны области. Эта форма организации раскрывает большие потенциальные возможности АПК в увеличении производства продукции и повышении ее качества благодаря освоению новых, современных технологий, обучению специалистов и работников массовых профессий. Ученые помогают объединениям, фермерским хозяйствам повышать культуру земледелия за счет научно-обоснованного применения средств химизации и проведения агрохимического обследования пашни, грамотного подхода к почвозащитной технологии обработки почвы.

Для успешного решения стоящих перед агропромышленным комплексом области задач необходимо более активно внедрять современные разработки в производство, развивать связь науки с производством, поддерживать начатую практику работы научного учреждения по прямым договорам с сельхозформированиями и тем самым способствовать развитию рынка научных разработок в области семеноводства, защиты и сохранения генофонда растений.

– В этом году страна празднует 30-летие независимости. Не секрет, что ученым пришлось пережить нелегкие времена. Но вы выстояли...

– За 30 лет независимости действительно произошли кардинальные



изменения. В период разрушения прежней экономической системы, когда закрывались заводы и предприятия, институт выстоял и пережил этот кризис. Ученые центра, несмотря на трудности, продолжали свои научные исследования.

Честно говоря, в первые годы после распада СССР не только у нас, всем было не до науки. Связи нарушены. Надо было экономику из кризиса выводить, налаживать производство. В науке оставались самые преданные ей люди.

Но даже тогда финансирование, конечно, не сравнимое с прежним, но продолжалось. Адаптироваться к рыночным отношениям всем было сложно. Ученым особенно. Но сумели перейти на новые конкурсные формы финансирования.

Сегодня в науку пришли молодые, перспективные ученые. Многие повысили квалификацию на хороших международных стажировках, обучились в ведущих мировых научных центрах. Хорошо владеют международным языком науки – английским. Участвуют в научных конкурсах, пишут проекты.

Государство хорошо поддерживает молодых ученых, их пул с каждым годом растет. Ежегодно объявляются конкурсы для молодых ученых. В качестве примера могу привести наш родной университет, КАТУ им. С.Сейфуллина. За последние три года количество молодых научных руководителей проектов грантового финансирования увеличилось в три раза.

В нашем научном центре функционирует Совет молодых ученых, их пул составляет 33% от общего количества научных сотрудников. Планируем к 2024 году довести этот показатель до 43%. С будущего года внедрим систему собственных научных грантов из внебюджетных средств для молодых ученых.

– К слову, об университете. В 2020 году НПЦЗХ вошел в со-



став Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина. Каковы результаты этого партнерства?

– Сегодня, будучи в составе НАО «Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина», коллектив НПЦЗХ им. А.И. Бараева выполняет не менее глобальные задачи, следуя своей миссии: обеспечение ускоренного научно-технологического развития экономики агропромышленного комплекса Северного и Центрального Казахстана через диверсификацию растениеводства, создание высококачественных и конкурентоспособных сортов, разработку и внедрение инновационных ресурсосберегающих агротехнологий и предоставление научно-образовательных услуг.

В этом году студенты, магистранты, докторанты, обучающиеся в КАТУ им. С.Сейфуллина по образовательным программам «Агрономия», «Почвоведение и агрохимия», «Защита и карантин растений», «Селекция и семеноводство», прошли профессиональную и исследовательские практики,

а молодые преподаватели производственную стажировку в лабораториях и производственных стационарах Центра и смогли принять участие во всех технологических процессах возделывания сельскохозяйственных культур, закладки и проведения полевых и лабораторных опытов. Другими словами, интеграция науки, образования и производства стала еще более тесной и эффективной.

– Нурлан Амангельдинович, что вы хотите пожелать своим коллегам накануне 65-летия НПЦЗХ?

– Пользуясь случаем, хотел бы поздравить своих коллег со знаменательными датами – с 30-летием независимости РК и 65-летием славного юбилея со дня образования Научно-производственного центра имени А.И. Бараева – и пожелать им крепкого здоровья, благополучия и успехов в благородном труде.

– Благодарю за беседу. Успешной работы участникам конференции!

Миргуль ДЖИЛКИШИНОВА



ІСІМЕН ҮЛГІ

Жаңашылдыққа жаны жақын Жаңыл

Тәуелсіз еліміздің мәртебесінің асқақтауы еңбек адамдарының жан баласына міндетсімеген, мигірсіз еңбегінің арқасы екені сөзсіз. Сондай еңбек үлгісін көрсеткен, ұлағатты ұстаздар қатарына көпшіліктің қалауымен қосылар жанның бірі – Жаңыл БАЛАПАНОВА туралы сөз қозғамақпын.

Жаңыл Темірқызы 1987 жылы орта мектепті тәмәндаған соң Алматы мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсіп, 1992 жылы «математика», «информатика және есептеу техникасы» пәндерінің мұғалімі құзыреттілігін алып шықты. Еңбек жолын сол жылы бастап, 1992-2007 жылдары жалпы білім беретін орта мектептерде өз пәні бойынша ұстаздық қызмет атқарды. Білікті маманның еңбексүйгіштігі мен іскерлігін байқаған Атырау облыстық кадрлар біліктілігін арттыратын және қайта даярлайтын институтының басшылығы 2007 жылдан бастап Жаңыл Темірқызына еңбек жолын информатика кабинетінің меңгерушісі ретінде жалғастыруды ұсынды.



Аталған қызметке кіріскен сәттен ұстаздардың біліктілік курстарынан уақытылы өтуін, сол арқылы оқушылардың білім сапасын жақсарту жұмыстарын белсенді ұйымдастырды.

2012 жылы білім жүйесіндегі өзгерістерге байланысты мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру институттары мүлдем жаңа форматта қайта құрылды. Құрылымдық өзгерістерге орай Жаңыл Темірқызы «Өрлеу» БАҰО» АҚФ «Атырау облысы бойынша ПҚ БАИ» «Ақпараттық технологиялар» бөлімінің басшысы, кейіннен кафедра меңгерушісі қызметін атқарып, бүгінде «Жаратылыстану және гуманитарлық пәндерін оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, ҚР-да білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде «Математика», «АКТ негіздері», «Графика және жобалау», «Робототехника негіздері» пәндері бойынша тренері қызметін абыройлы атқарып келеді. «Ақпараттық жүйелер» техника ғылымдарының магистрі екенін де айта кеткен жөн.

Осы күнге дейін Жаңылды білікті маман ретінде сырттай білген болсақ, қызметтес әріптес ретінде жақынан тани түстік. «Өрлеуде» басталған оң өзгерістер өсемін, әрлеймін деген мақсатты ұмтылыс тілегі бар Жаңылдың білікті маман ретінде шыңдалып, сыналып, іскерлігін қалыптастырған мектебі болды. Әр ұстаздың жұлдызын жарқырата жағып, олардың шеберлігін арттырып, шығармашылығына қанат бітірді, кәсіби маман ретінде біліктілігінің қалыптасуына ықпалы мол оқытушы-әдіскер ретінде танылды. Өз ортасында көздеген мақсатына жеткенше ты-

ным таппайтын, бүгінгі істі ертеңге қалдыруды жаны сүймейтін, тиянақтылығымен ерекшеленеді. Әрине, бұл да кәсібилігінің игі жемісі болса керек. Жылда ұжымдағы профессор-оқытушылар құрамымен бірге облысымыздың 4 мыңға жуық мұғалімінің біліктілігін арттырып, әдістемелік шеберлігін арттыруға үлес қосып келеді.

Жаңыл Темірқызы білім берудің әдістемесіне, біліктілікті арттыру жүйесінің дамуы бағытында көптеген ғылыми-әдістемелік еңбектер жазды. Педагогтерді курстан кейінгі қолдау және әдістемелік сүйемелдеу мақсатында шығарған «Робототехника негіздері» бойынша тәжірибелік жұмыстары, «Интерактивті тақтаны оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану әдістемесі», «Онлайн режимінде өткізілген интерактивті сабақтар», «Қашықтан оқыту – заманауи педагогтің кәсіби ақпараттық құзыреттілігін дамыту, педагогикалық шеберлігін шыңдаудың табысты келілігі» тақырыптарындағы көптеген әдістемелік құралдар мен ұсынымдардың авторы екенін де тілге тиек етіп өтпек керек.

Ұстаздың 200-ден астам баяндамалары облыстық, республикалық, халықаралық конференция материалдары жинағына енгізілсе, 60-тан астам оқу-әдістемелік ма-

қалалары түрлі республикалық, облыстық басылымдарда жарияланды. Осылайша, кәсіби шеберлігі мен өмірлік тәжірибесі көпке үлгі. Білім беру саласында атқарған қызметі лайықты бағаланып, облыстық білім беру басқармасының Құрмет грамотасымен, «Өрлеу» БАҰО» АҚ Құрмет грамотасымен, ҚР БҒМ Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталды.

Осының бәрі шыққан тегінен дарыған тамырлы қасиет екенін жоққа шығара алмаймыз. Қай істеде көмегің аямайтын өмірлік жары Таңатар Қаллепесов те мамандығын жас ұрпаққа арнаған білікті ұстаз. Қыздары Ақтолық Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін, Арайлым Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық политехникалық университетін үздік тәмәндаған. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, жанымызда жүрген жандардың қадіріне жете білгенге не жетсін?! Өзгенің жетістігіне шынайы қуана білетін Жаңыл Темірқызының өрелі өмірде де, шығармашылық істе де олжалды болуына тілекшіміз.

**Айтбай ҚАРАМУРЗИН,
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ
«Атырау облысы бойынша
ПҚ БАИ» басқарма басшысы**

АЛҚАЛЫ ЖУЫН

Білімді биікке
шығарған тұлға

Атырауда ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы, «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ және «Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен КСРО Халық мұғалімі, Атырау облысының Құрметті азаматы, профессор Қ.Айтқалиевқа арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

«Рухани жаңғыру: жаңартылған білім беру және тәрбие» тақырыбында өткен конференция қатысушылары, ең алдымен, энциклопедист-ғалым Х.Досмұхамедов ескерткішіне гүл шоғын қойды. Артынша Атырау университетінде үш бағытта секциялық жұмыстар жүргізіліп, олардың қорытындысы конференцияның пленарлық мәжілісіне ұсынылды. Аталмыш мәжілісті «Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты Қ.Сүндетұлы кіріспе сөз сөйлеп ашты.

Конференцияға қатысушыларды Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің басқарма төрағасы – ректор С.Н. Идрисов, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясының президенті, PhD докторы, халықаралық академияның педагогикалық білім бойынша корреспондент мүшесі Ғ.Б. Бейсембаев, онлайн форматта Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрайымы А.М. Мұқашева құттықтады.

Конференцияда Атырау облыстық білім басқармасының басшысы С.Ы. Есенғалиев, белгілі қоғам қайраткері, т.ғ.д., профессор Ө.О. Озғанбаев,

«Атырау облысы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы І.Ұ. Баймұхановтар құттықтау сөз сөйлеп, конференцияны ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, күн тәртібіндегі мәселелер төңірегінде ой ербітті.

Күн тәртібіне сай ғылыми-тәжірибелік конференцияда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, п.ғ.к. Ш.Н. Нағимов «Халық мұғалімі Қ.Айтқалиевтың тағылымы», Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, педагогика және психология институты директорының орынбасары, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор А.Қ. Дүйсенбаев «Қ.Айтқалиевтың ағартушылық мұралары», Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» және «Қазақстан тарихы» пәндері зертханасының меңгерушісі, философия докторы, (PhD), қауымдастырылған профессор А.Қ. Жундибаева «Қазақстанда халық ағарту ісін және мемлекеттік тілді дамытудағы Қ.Айтқалиевтың қосқан үлесі туралы», Назарбаев университетінің профессоры, п.ғ.д. Г.С. Құрманбай «Абай – ұлтымыздың мәдени капиталы», Атырау қаласындағы М.Бекмұхамбетов атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, республикалық «Үздік педагог-2021» атағының иегері Ж.Р. Бекбусинова «Мұғалімнің шығармашылық әлеуеті – кәсіби бас-тамашылығын дамыту» тақырыбында баяндама жасады.

Конференция барысында 1990 жылы «Қазақфильм» студиясының қызметкерлері Ж.Әзізханов, Н.Ахтанов және С.Келдібаев түсірген жарты сағаттық деректі фильмнен үзінділер көрсетілді. Пленарлық мәжілісте бір топ белсенді педагогтерге Алғыс хаттар және барлық қатысушыларға сертификат пен конференция материалдарының жинағы табыс етілді. Конференция соңында тиісті қарар қабылданды.

**Қылышбай ҚҰЛЖАНОВ,
Атырау облысы**

УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Әдістемелік жұмыстың
жаңашылдығы

Заманауи ойлау қабілеті бар, өмірде өзін-өзі сәтті жүзеге асыра алатын адамды тәрбиелейтін жоғары кәсіпқойлығы бар мұғалімдер. Бұл жұмыста мұғалімге тәлімгер, үйлестіруші қажет. Мұндай үйлестіруші әр аймақтағы оқу-әдістемелік кабинетінің әдіскерлері болып табылады.

Қашықтан оқыту кезеңінен кейінгі басты мәселе – оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою. Осы мақсатта ұстаздарға көмек көрсету ретінде Ақмола облысы оқу-әдістемелік кабинеті аудандармен тұрақты негізде онлайн кездесулер өткізіп тұрады. Кеңес беру кездесулері барысында мектеп директорлары, олардың орынбасарлары сабақ құрылымы туралы ғана емес, сонымен қатар мектепті басқару жүйесі, нормативтік-құқықтық актілерді дұрыс түсініп, тиімді қолдану сұрақтарына да толыққанды жауап алады.

Ұстаздардың педагогикалық шеберліктерін ұштау, жетілдіру мен бағалау бағытында жыл сайын кәсіби байқаулар, педагогикалық оқулар және басқа да ұйымдастырушылық-әдістемелік іс-шаралар өткізіледі, педагогтердің түрлі деңгейдегі байқауларға қатысуына бас-тамашылық жасалады. Осы орайда облыстық оқу-әдістемелік кабинет дәстүрлі түрде «Үздік білім беру ұйымы», «Үздік ТжҚБ ұйымы», «Үздік қосымша білім беру ұйымы», «Үздік ресурстық орталық», «Үздік авторлық бағдарлама», «Үздік педагог», озық педаго-

гикалық тәжірибені жинақтау байқауларын ұйымдастырып, дарынды педагогтерге кәсіби қолдау көрсетеді.

Педагогтердің ғылыми-әдістемелік деңгейін арттыруды ынталандыру, олардың заманауи білім беру технологияларын меңгеруі – оқу-әдістемелік кабинет қызметінің негізгі міндеттері болып табылады. Осылайша, сапалы әдістемелік қолдаудың арқасында авторлық жоба байқауына қатысқан ұстаздарымыздың арасынан республикалық деңгейде Ләззат Қасқаева (Жақсы ауданы), Гүлнар Сәденова (Көкшетау қаласы), Ольга Спиридониди (Сандықтау ауданы), Ботагөз Даниярова (Бұланды ауданы), Елена Макурина №2 мамандандырылған мектеп-интернатының мұғалімі, Татьяна Луговская (Бұрабай ауданы), Лариса Ломачинская (Бұрабай ауданы), Роза Дискаева (Бұрабай ауданы), Ольга Корчагинаның (Степногорск қаласы) жұмыстары үздік деп танылды.

Озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату – әрбір педагог үшін өзекті тақырыптардың бірі. Облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің сараптама, іріктеу кезеңінен табысты өткен екі жұмыс үздік деп танылып, республикалық кезенге жіберілді. Олар: Оксана Забиякинаның «Биология және химияны ағылшын тілінде оқыту бойынша мұғалімнің жұмыс жүйесі» және Гүлжазира Сейдахметованың «Оқушылардың оқу-зерттеу қызметі биология сабақтарының тиімділігін арттырудың бір тәсілі ретінде» тақырыбындағы жұмыстары. Осының барлығы, әрине, сауатты әдістемелік сүйемелдеудің арқасында деп білеміз. Облыстағы инклюзивті білім

беру саласын жетілдіру мақсатында бірқатар өзекті мазмұнды құралдар әзірленді, кәсіби білім беру жүйесі де аса назарға ие. 2017 жылдан бастап техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бөлімі белсенді жұмыс істеп келеді. Соңғы 10 жыл ішінде колледж педагогтері «Үздік педагог» республикалық байқауының Гран-при иегері атағына ие болып келе жатыр. Облыста сегіз негізгі бағыт бойынша құрылған әдістемелік бірлестік отырыстарында жұмыс бағдарламалары мен тақырыптық жоспарлардың құрылымы мен мазмұнын жетілдіру, оқу сабақтарының тиімділігін мен сапасын арттыру мәселелері талқыланады. Колледж студенттері арасында аймақтық кәсіби шеберлік байқаулары да ұйымдастырылып тұрады. Біздің облыс медаль саны бойынша республикалық көшті бастап тұр.

Орта кәсіптік бағдар беру ұйымдарында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында кәсіптік бағдар беру қызметімен қамту мақсатында әзірленген «Мамандық автобусы» жобасы іске қосылды. Әлеуметтік желілерде «Ақмола облысының кәсіби бағдар парақшасы» ашылды. «Менің мамандығым. Ақмола» мобильді қосымшасы да белсенді жұмыс істеуде. «Ұстазын ұлықтаған ел шетте қалмас» дегендей, облыстық оқу-әдістемелік кабинеті өз ісіне бекем, дарынды ұстаздардың еңбегін ұлықтауды алдыңғы міндеттерінің қатарында ұстап отыр.

**Ләззат ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
Ақмола облысы білім
басқармасының
оқу-әдістемелік
кабинетінің директоры**

УЧИМСЯ ПИСАТЬ

Письмо как когнитивный процесс

Когнитивные и социальные факторы играют важную роль в процессе письма и в том, как преподается письмо. Данная статья посвящена когнитивному процессу и предлагает идеи по преодолению когнитивных ограничений молодых учащихся, связанных с письмом.



Жанна ШАХАНТАЕВА,
школа-гимназия №68 имени
М.Дулатулы г. Нур-Султан

Сложности письма

То, как авторы превращают свои идеи в текст, зависит от их когнитивных ресурсов, таких как внимание и рабочая память, а также от механики почерка или набора текста. Письмо – очень сложная и трудоемкая познавательная задача. Писателям приходится жонглировать идеями, содержанием, языковыми нормами (орфография, грамматика и т.д.), жанром, читателем, двигательными навыками, такими как владение ручкой или управление клавиатурой и т.д. одновременно с написанием текста. Поскольку рабочая память ограничена, сильное сосредоточение на од-

ном из этих аспектов приведет к меньшему сосредоточению на других вещах.

Автоматизация письма

Один из способов преодолеть некоторые когнитивные ограничения письма состоит в том, чтобы практиковать различные аспекты письма отдельно, чтобы авторы могли автоматизировать эти функции, например, правописание и механику. Думайте о письме как об изучении инструмента: необходимо практиковать отдельные навыки, такие как гаммы, чтобы игрок стал независимым от механики и мог полностью выразить музыку и смысл. В классе английского письма это может означать, например, практику механики написания газетной статьи, чтобы учащиеся могли затем переключить свое внимание на более творческий подход к своим статьям.

Сосредоточьтесь на значении

Способ больше сосредоточиться на значении одновременно с уменьшением когнитивной нагрузки – это разработать задачу, в которой вы фокусируете внимание на значении и игнорируете форму и правильность. Например, используйте творческий подход к написанию.

Откройте окно и попросите студентов написать, что они могут слышать, обонять, видеть и т.д.:

- студенты пишут о выставке и черпают из нее свой опыт;
- студенты пишут несколько советов тем, кто потерял свою собаку;
- учащиеся высказывают и пишут свое мнение по текущему вопросу в школе;
- студенты берут интервью друг у друга и стимулируют письменную сессию устным общением.

Вдохновляйте их на создание смысла с помощью текста, фотографий, иллюстраций, смайликов, цвета, шрифта и т.д.

Типовые тексты

Еще один способ снизить когнитивную нагрузку на учащихся, сосредоточить внимание на значении и пробудить их идеи – это изменить начало процесса написания. Попросите студентов прочитать, сравнить и сопоставить типовые тексты, прежде чем они начнут писать:

- Хороши ли тексты?
- Что делает их хорошими?
- Как они сформулированы?
- Кто такой читатель?

Этот подход распространен при работе с жанровым подходом к написанию. Вы также можете показать им, как пишется текст, смоделировав его самостоятельно в режиме реального времени или с помощью чего-то заранее подготовленного.

ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Тарихын таныған болашағын бағамдайды

Заман талабына сай оқыту технологиясының тиімдісін пайдалану – оқу үрдісінде жетістікке жетудің бірден-бір кепілі. Осы жаңа педагогикалық технологиялардың ішінде ойлауды дамыту технологиясының орны ерекше, яғни оқушының функционалды сапаттылығын дамыту үшін қолайлы әдіс саналады.

ойлауды дамытуды тарих пәнін оқытуда қолдану оқушы білімін тереңдету мен сабақты шығармашылық ізденіспен меңгеруге әсерін тигізеді. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Тарих ғылым және пән ретінде білімнің аса маңызды саласына жатады. Өйткені, ол бүкіл адамзаттың тарихын, жүріп өткен жолын, жинаған тәжірибесін баяндайды. Тарихты білу әрбір адамға аса қажет. Неге десеңіз, тарихын білген адам ғана өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы орнын, істейтін қызметін дұрыс анықтап, келешегін де бағамдай алады. Тарих сабақтарында оқушылардың функционалды сапаттылығын қалыптастыру тетіктерін зерделеу арқылы оқытудың озық технологияларын тиімді пайдаланып, сапалы білім беру, өмірге бейім тұлға тәрбиелеу көзделеді.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге және жұмыс нәтижесін көріп, өзіне сыни көзбен қарауға әрі жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білу қажет. Сабақты сәтті ұйымдастырудағы басты мақсат – оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, заманға сай білім беру. Сабақтың сәтті өтуі мұғалімнің біліміне, іскерлігіне, тәжірибесіне, сабақ материалына, сынып типіне, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа да байланысты. Сабақты тартымды әрі сәтті өткізе білу мұғалімдер қауымынан көп ізденуді, білімділікті, қабілеттілікті және тапқырлықты қажет етеді.



Назым БАЙМАХАНОВА,
Темірбек Жүргенов атындағы №80 мектеп-гимназияның тарих пәнінің мұғалімі, бейінді-бағдарлы орынбасар, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы

Сабақты жаңашыл үрдіспен өткізу оқушылардың білім сапасын арттырып, олардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытып отырады, ал педагогтер үшін кәсіби шеберліктерінің өсуіне жәрдемдеседі. Сыни тұрғыдан

МАТЕМАТИЧЕСКАЯ ГРАМОТНОСТЬ

Способность мыслить логически

Поток финансовой информации начинается именно с умения «Прочитать»




Карта продукта Селгитро-2019

Безалоговые кредиты. ТОП-10 БВУ по ссудному портфелю

В сегменте 13 предложений	эф.	макс.	макс.	макс.
Эффективная ставка (%)	Максимальный срок (мес.)	Максимальная сумма (тыс. тг.)	Максимальная сумма (тыс. тг.)	Максимальная сумма (тыс. тг.)
17,2%	84	7 000	7 000	7 000
18,7%	60	7 000	7 000	7 000
24,8%	60	6 000	6 000	6 000
25,1%	60	6 000	6 000	6 000
25,3%	60	6 000	6 000	6 000
27,3%	60	6 000	6 000	6 000
28,8%	60	6 000	6 000	6 000
28,7%	60	6 000	6 000	6 000
34,5%	48	1 000	1 000	1 000
39,8%	48	1 000	1 000	1 000

